

MFTAP 343.9
 ӘОК 343.92
 JEL K14

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-2-293-305>

ТУЛЕБАЕВА А.С.,*¹

докторант.

*e-mail: a.tulebayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-7184-2403

ДЖУМАБАЕВА К.А.,¹

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: k.jumabaeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5483-3783

КОШКИНБАЕВА А.С.,²

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: ankin2008@bk.ru

ORCID ID: 0000-0002-9327-9869

КӘДІРБАЙ А.Ә.,¹

з.ғ.м., сениор-лектор.

e-mail: a.kadirbay@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-3694-5415

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық аграрлық

зерттеу университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ВИКТИМОЛОГИЯЛЫҚ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақала Қазақстан Республикасындағы зорлық-зомбылық қылмыстарының виктимологиялық алдын алу мәселелеріне бағытталған. Онда виктимологияның қылмыс құрбандарын, олардың мінез-құлқын және қылмыс жасау ықтималдығын зерттеудегі рөлі қарастырылады. Сондай-ақ, виктимологияның әлеуметтік-психологиялық және құқықтық аспектілері талданады және жәбірленушілерді қорғау жүйелерінің тиімділігін арттыру жолдары зерттеледі. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылық, көшедегі зорлық-зомбылық пен озбырлық және жастар арасындағы зорлық-зомбылық сияқты әртүрлі қылмыстардың алдын алу мәселелерін талдау. Зерттеуде тек қылмыстың қарқыны ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік жағдай, азаматтардың құқықтық мәдениеті, отбасы мен білім берудің рөлі және қоғамдағы құқықтық сауаттылық деңгейі де ескеріледі. Мақалада зорлық-зомбылық ықтималдығын арттыратын әлеуметтік, психологиялық және экономикалық факторлар бір мезгілде қарастырылады және алдын алу шараларының кешенділігі мен тиімділігі бағаланады. Бұл мақала құқық қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру органдарының қызметін, азаматтарды қорғау тетіктерін және қоғамдық ұйымдар мен еріктілердің рөлін талдауға негізделген. Зерттеуде зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу жүйесін жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар берілген және азаматтардың құқықтық сауаттылығын және әлеуметтік қорғалуын арттыруға бағытталған ұсыныстар берілген. Сондай-ақ, үйлестірілген әлеуметтік, білім беру және құқық қорғау күш-жігері арқылы алдын алу мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілген. Бұл тәсіл зорлық-зомбылықтың алдын алуға, қоғамдық қауіпсіздікті жақсартуға және азаматтардың құқықтық жауапкершілігін күшейтуге көмектеседі.

Тірек сөздер: виктимология, зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылық, қылмыс құрбаны, виктимділік.

Кіріспе

Виктимология – қылмыс құрбандарын, яғни жәбірленушілерді, олардың мінез-құлықтарын, құқық бұзушылыққа ұшырау себеп салдарлары мен жағдайларын, сондай-ақ оларды

қорғау және оларға көмек көрсету жолдарын зерттейтін ғылыми бағыт болып табылады. Виктимология ғылымы қылмысты тек қылмыскердің тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар жәбірленуші тарапынан да қарастырады. Сол үшін де виктимология қылмыстың туындау жағдайында жәбірленушінің рөлін, оның әлеуметтік жағдайын және психологиялық тұрғыдан ерекшеліктерін, сондай-ақ нақты бір жағдайларда не себепті құқық бұзушылықтың нысанасына айналатынын терең талдайды. Өйткені зорлық-зомбылыққа бейім адамдар бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Қазақстандық ғалымдар виктимологияны қылмыстылықпен күресудегі маңызды криминологиялық бағыттардың бірі ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, виктимология тек қылмыскер тұлғасын емес, сонымен қатар жәбірленушінің мінез-құлқын, әлеуметтік жағдайын және қылмысқа ұшырауына ықпал ететін факторларды зерттеу арқылы қылмыстың алдын алуға мүмкіндік береді.

Мысалы, қазақстандық криминолог ғалым Е.О. Алауханов виктимологияны қылмыстың себептері мен шарттарын анықтауда маңызды ғылыми құрал ретінде бағалайды және виктимология жәбірленуші тұлғаның мінез-құлқын және оның қылмысқа ұшырау себептерін зерттейтін криминологияның маңызды бағыты болып табылады[1]. Оның еңбектерінде жәбірленушінің мінез-құлқы кей жағдайларда қылмыстың туындауына жанама түрде ықпал етуі мүмкін екендігі көрсетіледі. Сонымен қатар, виктимологиялық зерттеулер арқылы халықтың құқықтық мәдениетін арттыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және қылмыстың алдын алу шараларын жетілдіру қажеттігі атап өтіледі.

Сонымен виктимология – тек қылмыскерді емес, жәбірленушіні де зерттейтін ғылым екені белгілі болды. Ол құқық бұзушылықтың алдын алуда және адамдарды қылмыстардан қорғауда маңызды рөл атқарады. Бұл ретте жәбірленуші – құқыққа қарсы әрекеттер нәтижесінде физикалық, моральдық немесе мүлдіктік зиян шеккен адам. Бұл зиян түрлерінің жәбірленуші үшін психологиялық тұрғыда ұзақ қалпына келетін бұл әрине физикалық зиян. Сондықтан қылмыстың құрбаны деп қандай да бір зардап шеккен адам деп түсіну қажет. Қылмыстың субъектісінен айырмашылығы, қылмыстың құрбаны жастан кәріге дейін кез келген тірі адам бола алады [2, 67 б.].

Осы зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстан Республикасында зорлық-зомбылық қылмысының виктимологиялық тұрғыда алдын алу жүйесінің қазіргі тандағы жағдайын талдау, құқық қорғау мен әлеуметтік қорғау тетіктерінің тиімділігін бағалау, сондай-ақ азаматтарды зорлық-зомбылықтан қорғаудың қолданыстағы тетіктерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Зорлық-зомбылық қылмысы жалпы қоғам үшін аса қауіпті болып табылады, себебі ол адамның өміріне, денсаулығына, психологиялық жағдайына және әлеуметтік жағдайына айтарлықтай қауіп төндіретіні анық. Қазіргі еліміздегі жағдайда зорлық-зомбылықпен күрес тек қылмыстық қудалау шараларымен шектелмей, сонымен қатар зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған кешенді профилактикалық жүйені дамыту және кешенді өзгерістерді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, жәбірленушінің құқықтарын қорғау және оның қылмыс құрбаны болу ықтималдығын азайту шаралары ерекше маңызға ие. Осы зерттеудің негізгі мақсаты да осы болып табылады..

Ғылым ретінде виктимология қылмыстың себептері мен тетіктерін ғана емес, жеке тұлғаның жәбірленуші болу ықтималдығын анықтайтын әлеуметтік, психологиялық және экономикалық алғышарттарды да зерттейді. Бұл тұрғыда зорлық-зомбылыққа қарсы профилактикалық шаралардың кешенді болуы және оларды жеке, отбасы, қоғам деңгейінде жүйелі түрде іске асыру маңызды.

Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылық ерекше өзекті болып отыр. Осы уақытқа дейін заңдар өзгеріске ұшырап, жаза күшейгенімен аталған қылмыс азаймай жатыр. Қазіргі технология дамыған уақытта, байланыс тәсілдері жетілген ортада жәбірленуші қауіпті түсінген сәтте тез әрекет етіп тиісті органдарға хабарлап немесе танымал тұлғалар арқылы резонанс тудырса да бұл қылмыс әлі де белең алып тұр.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында ғылыми танымның жалпы және арнайы әдістері кешенді түрде қолданылды. Атап айтқанда, теориялық талдау, жүйелік-құрылымдық, формальды-логикалық және сипаттамалық әдістер пайдаланылды. Аталған әдістердің жиынтығы зерттеу тақырыбын жан-жақты қарастыруға, зорлық-зомбылық қылмыстарының виктимологиялық алдын алу мәселелерінің теориялық және тәжірибелік аспектілерін кешенді талдауға мүмкіндік берді.

Теориялық талдау әдісі арқылы виктимология, қылмыстылықтың алдын алу, виктимологиялық профилактика және зорлық-зомбылық қылмыстары мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер, монографиялар, диссертациялық зерттеулер, ғылыми мақалалар мен оқу құралдары зерделенді. Сонымен қатар, виктимология ұғымының мазмұны, оның криминология ғылымындағы орны, жәбірленуші тұлғасының ерекшеліктері және виктимдік мінез-құлықтың қылмыстық құқық бұзушылықтардың қалыптасуына ықпалы ғылыми тұрғыдан талданды.

Жүйелік-құрылымдық әдіс виктимологиялық алдын алу жүйесінің элементтері арасындағы өзара байланысты анықтауға, профилактикалық қызмет субъектілерінің құзыретін саралауға және зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу тетіктерін жүйелеуге мүмкіндік берді. Ал формальды-логикалық әдіс құқықтық нормалардың мазмұнын талдау, ғылыми тұжырымдарды негіздеу және зерттеу нәтижелерін қорытындылау барысында қолданылды.

Сипаттамалық әдіс арқылы зорлық-зомбылық қылмыстарының виктимологиялық ерекшеліктері, жәбірленушілердің әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары, құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайлары, сондай-ақ профилактикалық шаралардың негізгі бағыттары сараланды. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар, құқық қорғау органдарының қызметі және алдын алу тәжірибесінің тиімділігіне талдау жүргізілді.

Зерттеудің нормативтік базасын Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қылмыстық кодексі, Қылмыстық-процестік кодексі, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, сондай-ақ халықаралық құқықтық актілер мен халықаралық ұйымдардың ұсынымдық құжаттары құрады. Эмпирикалық база ретінде ресми статистикалық деректер, құқық қолдану тәжірибесінің материалдары және ғылыми жарияланымдар пайдаланылды.

Қолданылған ғылыми әдістер зерттеу тақырыбының мазмұнын терең ашуға, Қазақстан Республикасындағы зорлық-зомбылық қылмыстарының виктимологиялық алдын алу жүйесінің қазіргі жай-күйін объективті бағалауға және оны жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстан Республикасында қоғамдағы зорлық-зомбылық жағдайы соңғы жылдары өзекті болып қала берді. Бұл құбылыс қоғамның әлеуметтік, құқықтық және психологиялық қауіпсіздігіне тікелей әсер етіп, зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселесін зерттеуді аса маңызды етуде. Мүмкін әлі де толық зерттелмеді. Сонымен қатар, қылмыс құрбандарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету бағытындағы виктимологиялық зерттеулердің маңызы қазіргі таңда артып отыр. Зорлық-зомбылық қылмыстарының виктимологиялық алдын алу жеке тұлғаның қылмыстық қол сұғушылықтың құрбаны болу қаупін төмендетуге бағытталған ұйымдастырушылық, құқықтық, әлеуметтік және психологиялық шаралар жүйесін қамтиды. Мұндай алдын алу шаралары жәбірленуші тұлғаның виктимдік деңгейін азайтуға, қауіп факторларын анықтауға және қоғамдағы зорлық-зомбылықтың таралуын шектеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталған шаралар профилактикалық қызметтің тиімділігін арттыруға және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Виктимологиялық алдын алу жүйесіне келесі негізгі бағыттар жатады:

- ♦ Зорлық-зомбылықтың алдын алу – қоғамдағы агрессивті мінез-құлықтың себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған әлеуметтік, тәрбиелік және психологиялық шаралар кешені. Бұл бағыт халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруды, отбасылық-тұрмыстық қатынастар

мәдениетін қалыптастыруды, жастар арасында құқықтық және моральдық тәрбие жұмыстарын жүргізуді, сондай-ақ әлеуметтік бейімделу мен психологиялық қолдау тетіктерін дамытуды қамтиды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдары, құқық қорғау органдары және әлеуметтік қызметтер арасында өзара іс-қимылды күшейту маңызды рөл атқарады.

♦ Зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау және қолдау – зорлық-зомбылыққа ұшыраған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған шаралар жүйесі. Бұл бағыт жәбірленушілерге құқықтық, психологиялық, медициналық және әлеуметтік көмек көрсетуді, уақытша баспанамен қамтамасыз етуді, дағдарыс орталықтарының қызметін жетілдіруді және қайта виктимизацияның алдын алуды қамтиды. Сонымен қатар, жәбірленушілердің құқық қорғау органдарына жүгіну мүмкіндіктерін кеңейту және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды профилактикалық тетік болып табылады.

♦ Виктимологиялық ағарту және ақпараттық жұмыс – азаматтарды зорлық-зомбылық қатерлері, қауіпсіз мінез-құлық дағдылары және құқықтық қорғану тәсілдері туралы ақпараттандыруға бағытталған шаралар. Бұл бағыт бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, білім беру мекемелері және қоғамдық ұйымдар арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қамтиды.

♦ Құқықтық және институционалдық тетіктерді жетілдіру – зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу саласындағы заңнаманы дамыту, профилактикалық субъектілердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды қамтиды.

Осылайша, зорлық-зомбылық қылмыстарының виктимологиялық алдын алу кешенді сипатқа ие болып, жәбірленуші тұлғаны қорғауға, қоғамдағы қауіп факторларын азайтуға және қылмыстылық деңгейін төмендетуге бағытталған маңызды криминологиялық қызметтің бірі болып табылады.

Зорлық-зомбылық қылмысының алдын алу үшін қылмыстың алдын алу шараларын да, қауіп төнген адамдармен жұмысты да қамтитын кешенді тәсіл қажет.

С.А. Эшкobilовтың ойынша отбасылық өмір саласында жасалған қылмыстардың виктимологиялық алдын алу шаралары келесідей: 1) тұлғаның жеке және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, отбасылық қатынастар шеңберінде жасалған қылмыстарға қарсы алдын алу шараларын қолдану; 2) халыққа, соның ішінде отбасылық қатынастар шеңберінде жасалған қылмыстардың құрбандарына және зорлық-зомбылық құрбаны болуға бейім адамдарға мәселені шешу әдістерін үйрету; 3) отбасылық қатынастар аясында жасалған қылмыстардың құрбандары мен осал топтағы адамдарды анықтау және қорғау шараларын қолдану; 4) отбасылық қатынастар шеңберінде жасалған қылмыстардың құрбандарына көмек көрсететін мамандандырылған мекемелер құру, барларын жақсарту және жаңа бөлімдерін ашу; 5) отбасылық қатынастар шеңберінде жасалған қылмыстардың құрбандары мен зорлық-зомбылық құрбаны болуға бейім адамдардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы кешенді шараларды әзірлеу және енгізу; [3, 35 б.]

Осы тұрғыда тағы бір мәселе туындайды, зорлық-зомбылық құрбаны болуға бейім адамдармен күрделі жұмыс жасалуы қажет, бұл ретте алдымен психологиялық көмек, адамның ойын өзгертіп қоғамдағы орнын айқындауға ешкімнен кем емес екендігін түсіндіруге бағытталған іс-шаралар да қажет.

Ал тағы бір зерттеуші М. Ковальдың пайымдауынша қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрестің дәстүрлі шараларының жеткіліксіз тиімділігі қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, атап айтқанда, қылмыстың алдын алудың тиімді жүйесін әзірлеуге назар аударуды қажет етеді [4, 75 б.].

Бүгінгі таңда шетелдік виктимология практикалық тұрғыда келесі бағыттар бойынша дамып келеді:

1. Жеке тұлғаны зорлық-зомбылықтан қорғану іс-әрекеттеріне алдын-ала дайындау (криминогендік жағдайлардағы оңтайлы мінез-құлық алгоритмдерін әзірлеу және арнайы дайындық жүргізу).

2. Қызметтік функциялары қылмыстық шабуыл қаупімен байланысты тұлғаларды, әсіресе құқық қорғау органдарын қорғау деңгейін арттыру.

3. Виктимизацияны азайту, оның алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ азаматтарды осындай жағдайлар туралы хабардар ету.

4. Цифрландыру дамыған уақытта азаматтарды ықтимал қылмыстық «тұзақтар» туралы уақытылы хабардар ету.

5. Қылмыс құрбандарын қорғау және оңалту шараларын ұйымдастыру.

Аталған ойлар Қазақстанда да қолдануға тиімді, нақтырақ айтқанда 1 және 2 пункттегі мән-жайларға аса көңіл аударған жөн, себебі көп жағдайда 2 пункт бойынша құқық қорғау органдарының қауіпсіздігі соңғы орынға қалады, дұрысында, қызметтік жағдайына қарамастан жалпы адам өмірінің бірінші орында екенін ескере отырып толық қауіпсіздік сақталуы қажет. 1 пунктке келер болсақ, біздің қоғамда зорлық-зомбылық қылмысын, жалпы қылмысты алдын алудың бір жолы ретінде аталған қылмысқа адамды алдын ала дайындау шараларының жеткіліксіздігін көруге болады. Тіпті бұл шараларды қоғам дұрыс қабылдамауы мүмкін. Бұндай іс-әрекеттер алайда көп жағдайда қылмыс орын алғаннан кейін жүргізіліп жатады, сондықтан да бұл шаралар үйреншікті жағдай ретінде қабылданып аса мән берілмейді. Сол үшін де үздіксіз жұмыстар жүргізіліп, еске салып отырса бұл шараның да оң әсері болар ма еді.

Кезекті зерттеушілер К. Вишневецкий мен Е. Кубякиннің зерттеуіне сүйенсек орыс криминология ғылымында жәбірленушінің жалпы әлеуметтік және нақты криминологиялық түрлерін ажырату кең таралған. Әрқайсысы виктимологияны алдын алу және халықты жәбірленуші болудан арылту бойынша түрлі шараларды қамтиды, олардың өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін батыс елдеріндегі алдын алу іс-шараларының тәжірибесінен көруге болады. Бұл тәжірибе жәбірленушілікке негізделген қылмыстың алдын алу тек мүмкін болатын шараларды кешенді қолданған кезде ғана тиімді болатыны туралы идеяны дәлелдейді. Әлеуметтік топтардың неге құрбан болуының дайындалған криминологиялық моделін (қылмыстың алдын алу қызметіне баса назар аудара отырып) іс жүзінде қолдану тек жеткілікті қаржыландыру, жүйелі тұрғыда халықаралық және ішкі ынтымақтастық және осы саладағы зерттеушілердің айтарлықтай идеялары арқылы мүмкін болады. Дегенмен, бұл жүйені енгізу біздің елімізде криминологиялық алдын алуды ғылыми негіздеу және ұйымдастыру жүйесін сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеретініне сенімді болуға болады [5, 35 б.].

Ал О. Чистотина виктимологиялық алдын алу шараларын 5 топқа бөліп қарастырған, біз олардың тиімді деп тапқан 3 тобын алдық, яғни бірінші топ құрбан болу қаупін тудыратын жағдайларды анықтауға, алдын алуға және жоюға бағытталған шаралардан тұрады. Екінші топқа жәбірлену қаупін тудыратын жағдай туындаған жағдайда қылмыс құрбандарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары кіреді. Үшінші топтағы виктимологиялық алдын алу шараларына қылмыстың құрбаны болған кәмелетке толмағандарға оң әсер ету кіреді. Виктимологиялық алдын алудың маңызды аспектісі жасырын құрбандарды анықтау және олармен жұмыс істеу болып табылуы қажет [6, 55 б.].

Қазақстан Республикасында заң аясында заңнамалық және құқықтық шаралардың болуына қарамастан, бірқатар мәселелер, соның ішінде зорлық-зомбылық қылмыстарын тиімсіз алдын алу әлі де бар.

Зорлық-зомбылық қылмыстарын алдын алу мәселелерін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер:

- ♦ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі [7] – физикалық тұрғыдағы зорлық-зомбылық, қорқытушылық және мәжбүрлеуді қоса алғанда, зорлық-зомбылық санаттағы қылмыстар үшін жауаптылықты реттейді.

- ♦ Қазақстан Республикасының 2025 ж. 30 желтоқсандағы «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы [8] – бұл құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясатты реттейтін жаңа кешенді заң. Бұл заңда тұрмыстық зорлық-зомбылық жеке дара құқықтық институт ретінде емес, құқық бұзушылықтың бір түрі ретінде кешенді түрде қарастырылады. Аталған заңның қабылдануына байланысты бұрын қолданылып келген 2009 ж. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның күші жойылды. Осылайша, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты құқықтық реттеу жаңа заңның шеңберінде жүзеге асырылатын болды.

Заң нормаларына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтардың алдын алу объектілерінің бірі ретінде айқындалады және антиәлеуметтік мінез-құлықтың көрінісі

ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл тұрмыстық зорлық-зомбылықты тек құқық бұзушылық немесе қылмыс ретінде ғана емес, сонымен қатар оның пайда болу алғышарттарын ерте кезеңде анықтап, алдын алу қажеттігін көздейді.

Осыған орай, заңда тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстарын алдын алу шаралары ерте кезеңнен бастап жүзеге асырылады, яғни жанжалдардың, озбырлық мінез-құлықтың және ықтимал қауіп-қатердің бастапқы белгілерін анықтау арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу тетіктері қарастырылған. Бұл өз кезегінде тұрмыстық зорлық-зомбылық іс-әрекеттерінің туындауына жол бермеуге және оның салдарының деңгейін төмендетуге бағытталған.

Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, бұл нормативтік құқықтық актілер қолданыста болғанын өзінде мәселе шешімін таппай тұр. Мысалға, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының басым көпшілігі қорқыныш, әлеуметтік ортада оқшаулану немесе өз құқықтарын білмеу салдарынан әлі де көмек сұрамауы мүмкін, тіпті қоғам білмейтін қылмыстар қаншама. Әрине бұл – виктимділік, яғни адамның құқық бұзушылықтың құрбаны болу ықтималдығы немесе бейімділігі [9, 19 б.]. Криминологиямен және басқа да ұқсас ғылымдармен салыстырғанда, виктимология салыстырмалы түрде жаңадан пайда болған құқық саласы болып табылады [10, 795 б.]. Бұл жерде жәбірленушілердің психологиялық осалдығына ерекше назар аудару керек. Көп жағдайда зорлық-зомбылық құрбандары болған әйелдер мен балалар, яғни қоғамның осал бөлігі құқықтық қорғау құралдарының, психологиялық және әлеуметтік қолдау туралы ақпараттың жетіспеушілігіне тап болады. Кедейлік, жұмыссыздық, ішімдікке құмарту, құмар ойындар және басқа да әлеуметтік кемшіліктер сияқты әлеуметтік мәселелер қоғамдағы зорлық-зомбылыққа ықпал ететін маңызды факторлар болып өзгеріссіз қала береді. Бұл факторлар жалпы барлық қылмыстардың қозғаушы күші болып табылады. Белгілі бір жағдайларда (мысалы, тұрмыстық зорлық-зомбылық) зорлық-зомбылықты ақтап алуға, қалыпты жағдай ретінде түсінік қалыптастыруға ықпал ететін мәдени және дәстүрлі көзқарастардың әсерін де бағаламауға болмайды. Бұл мәселе шешілмей, алдын алу жолындағы шаралардың тиімділігі еш артпайды. Осы тұста қоғамдық ұйымдар жәбірленушілерге қолдау көрсету бағдарламалары мен құқықтық сауаттылықты арттыру іс шараларын ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады [11, 1589 б.].

Сондай-ақ көп нәрсе құқық қорғау органдарының жауабына байланысты. Бір мәселе – құқық қорғау органдарына деген сенімділіктің әлі де төмендігі, бұл жәбірленушілердің көмек сұрауына кедергі келтіреді. Құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыру және азаматтардың зорлық-зомбылық туралы хабарлауы үшін қауіпсіз және қолжетімді арналарды құру зорлық-зомбылықтың алдын алудағы маңызды элементтер болып табылады. Ең айқын мәселе – құқық қорғау органдары, әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері сияқты әртүрлі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың арасындағы өзара ынтымақтастықтың болмауы. Зорлық-зомбылыққа қарсы күреске бағытталған заңнамалық ережелердің болуына қарамастан, кейбір жағдайларда әртүрлі құрылымдар арасында ортақ үйлестірудің болмауы көрінеді, бұл зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауға кері әсер етеді.

Алдын алудың ең маңызды бағыттарының бірі – халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыру. Бұл тек қандай әрекеттер зорлық-зомбылық болып табылатыны туралы мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар қорғау үшін қолжетімді ресурстар туралы мәліметтерді арттырады. Мысалы, мектеп оқушылары мен жасөспірімдерге зорлық-зомбылықтың құқықтық аспектілері және оның салдары туралы ақпараттық науқандар мен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға болады.

Келесі бір мәселе дағдарыс орталықтарының санын көбейту және бірінші ретте әйелдерді, балаларды және қарттарды қоса алғанда, барлық санаттағы азаматтар үшін олардың қолжетімділігін арттыру қажет. Қазақстанда зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін дағдарыс орталықтарының желісі болғанымен, олардың саны мен қолжетімділігі шектеулі болып қала береді. Көп жағдайда орталықтар ірі қалаларда шоғырланған, ал мұндай көмек ауылдық және шалғай аудандарда әрқашан қолжетімді бола бермейді. Бұл зорлық-зомбылық құрбандарының, әсіресе шалғай және әлеуметтік жағынан осал орталардың қажетті көмекке қол жеткізе алмауына әкеледі. Сондай-ақ аталған жердегі құрбандар үнсіз қалуға мәжбүр, себебі өкінішке орай қолдау мен қорғау нысаны жоқ.

Зардап шеккендерге кешенді қолдау көрсету үшін құқық қорғау органдары, медициналық мекемелер және әлеуметтік қызметкерлер арасындағы ведомствоаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету өте маңызды. Қазіргі таңда виктимологиялық зерттеулерде ерекше назар аударылатын мәселелердің бірі – виктимологиялық тәуекел тобына жататын тұлғаларды анықтау болып табылады. Мұндай тұлғалар әлеуметтік, психологиялық немесе физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты қылмыстық қол сұғушылыққа жиі ұшырайды. Оларға әйелдер, кәмелетке толмағандар, қарт адамдар, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары жатады.

Аталған санаттағы тұлғалардың виктимдік деңгейінің жоғары болуы олардың қорғану мүмкіндіктерінің шектеулілігімен, әлеуметтік тәуелділігімен, құқықтық сауаттылығының төмендігімен және психологиялық осалдығымен түсіндіріледі. Мысалы, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары көп жағдайда материалдық немесе эмоционалдық тәуелділік салдарынан құқық қорғау органдарына жүгінуден бас тартады. Ал кәмелетке толмағандар мен қарт адамдардың психологиялық және физикалық қорғану деңгейінің төмендігі оларды виктимдік жағдайға жиі әкеледі [1].

Сонымен қатар, виктимология ғылымында қайта виктимизация мәселесі ерекше маңызға ие. Қайта виктимизация деп тұлғаның бірнеше рет қылмыстық қол сұғушылықтың құрбанына айналуын түсінуге болады. Бұл құбылыс көбінесе жәбірленушіге уақытылы әлеуметтік, құқықтық және психологиялық көмектің көрсетілмеуімен, сондай-ақ профилактикалық шаралардың жеткіліксіздігімен байланысты.

Қайта виктимизацияның негізгі себептеріне әлеуметтік қорғансыздық, психологиялық тәуелділік, құқықтық сауаттылықтың төмендігі, қорқыныш сезімі және жәбірленушінің тұрақты қауіп ортасында өмір сүруі жатады. Мұндай жағдайлар жәбірленушінің психологиялық күйіне теріс әсер етіп, үрей, күйзеліс, сенімсіздік және әлеуметтік бейімделудің бұзылуы сияқты салдарға алып келеді.

Осыған байланысты қайта виктимизацияның алдын алу мақсатында жәбірленушілерге кешенді құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету, дағдарыс орталықтарының қызметін жетілдіру, қорғау нұсқамаларын тиімді қолдану және халықтың құқықтық мәдениетін арттыру маңызды болып табылады.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу тек құрбандарды қорғаумен шектелмейді. Сондай-ақ, зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу үшін озбыр тұлғалармен жұмыс жасау маңызды. Бұған әлеуметтік және психологиялық бағдарламалар, жанжалдарды шешу бойынша түрлі тренингтер және зорлық-зомбылық әрекеттерін жасағандар үшін оңалту бағдарламалары арқылы қол жеткізуге болады. Бұл дегеніміз, азаматтық қоғам ұйымдары зорлық-зомбылықтың алдын алуда және құрбандарды қорғауда маңызды рөл атқарады. Яғни байқасаңыз, бұл тұста да қылмыскер болса да оны қалыпты өмірге қоғамға қосу арқылы адам өмірі бірінші орында екенін дәлелдейді. Жалпы адам құқықтарын қорғау үшін жұмыс жасайтын мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы серіктестік пен ынтымақтастықты нығайту зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу және құрбандарға көмек көрсетудің тиімдірек жүйелерін құруға көмектеседі.

Зорлық-зомбылыққа ықпал ететін жағдайға жоғарыда атап өткен негізгі факторлар кедейлік, ішімдікке құмарту, психологиялық стресстер, жұмыссыздық, білім деңгейінің төмендігі және басқа да әлеуметтік кемшіліктер жатады. Бұл факторлар жеке тұлғаның психологиялық тұрақтылығын төмендетіп, зорлық-зомбылыққа ұшырау ықтималдығын арттырады. Құрбандар психологиялық тұрғыдан әлсіреп, ерік-жігері жоғалып, өзін-өзі тастап жіберу қаупі бар. Сонымен қатар, Қазақстанда зорлық-зомбылық құрбаны ретінде танылумен байланысты белгілі бір әлеуметтік стигма бар, бұл оларға көмек сұрауды, құқық қорғау органдарына немесе әлеуметтік қызметтерге хабарлауды қиындатады. Көп жағдайда жәбірленушілер қорқыныш, ұят немесе отбасының бұзылуы сияқты әлеуметтік тұрғыдағы себептерге байланысты үнсіз қалады, осы жалғыз дұрыс шешім деп ойлайды.

Қоғам деңгейінде, әсіресе отбасылар арасында, тұрмыстық зорлық-зомбылықты ақтауға ықпал ететін мәдени және әлеуметтік көзқарастар бар. Мысалы, кейбір отбасыларда дәстүрлі көзқарастар әйелдің рөлі мен мінез-құлқы бойынша қатаң талаптарды енгізеді, бұл жәбірленушіге қарсы озбырлықтың заңдылығын дұрыстығын саналы немесе санадан тыс түрде қабылдауға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, медиа, әлеуметтік желілер зорлық-зомбылықты

кейде қалыпты немесе «шешім», «шығу жолы» ретінде көрсету ықтималдығы бар, бұл жастар арасында озбырлық мінез-құлықты қалыптастыруға әсер етеді.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, виктимологтар мен әлеуметтанушылар бұл құбылысты кешенді түрде зерттеп келеді. Олар әлеуметтік, психологиялық және мәдени факторларды қарастыра отырып, жәбірленушілердің мінез-құлқы мен қоғамдағы стигма арасындағы байланысты анықтайды. Мысалы, кейбір зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік оқшаулану мен экономикалық тәуелділік жәбірленушінің қауіпке қарсы әрекет ету қабілетін төмендетеді, ал мәдени нормалар мен жыныстық стереотиптер зорлық-зомбылықтың қайталану ықтималдығын арттырады. Демек зорлық-зомбылық құрбандарының қолайлы жайлы аймақтан шығуға деген қорқыныштары басым болады.

Осылайша, тиімді алдын алу тек құқық қорғау органдарының іс-әрекеттерімен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік қолдау, психологиялық көмек, құқықтық білім беру және мәдени нормаларды өзгерту сияқты кешенді шараларды қамтуы қажет. Бұл тәсіл зорлық-зомбылыққа бейім қоғам мүшелерін азайтып, жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп санауға болады.

Қорытынды

Қазақстан Республикасында зорлық-зомбылық қылмыстарының құрбанына айналуының алдын алу азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және зорлық-зомбылықтың алдын алуда маңызды рөл атқарады. Бұл мәселені шешуге кешенді тәсіл қажет, соның ішінде халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жастармен жұмыс істеу, жұмыссыздықпен күрес, құқықтық мәдениетті арттыру, зорлық-зомбылық құрбандарын қолдау, әлеуметтік ортаға бейімдеуге көмек және құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықты нығайту шаралары маңызды. Сонымен қатар, виктимологиялық зерттеулер мен деректерді жүйелі түрде жинау, қоғамдағы әлеуметтік шиеленістерді кешенді талдау, алдын алу іс-шараларын енгізу және тиімді мониторинг жүргізу арқылы қауіпсіз әлеуметтік ортаны құруға ықпал етуге болады. Мұндай кешенді тәсіл зорлық-зомбылық қылмысының алдын алудағы мемлекеттік және қоғамдық саясаттың тиімділігін арттырады. Қоғам, мемлекет, қоршаған орта, білім ордасы, құқыққорғау органдары, отбасы барлығы бір өзара ынтымақтастық негізінде әрекет ету қажет.

Жалпы өткен жыл қорытындысы бойынша полицияға тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы 100 мыңға жуық хабарлама келіп түскен. Бұған жауап ретінде қолданылған шаралар: оның ішінде 72 мың қорғау нұсқамасы, сондай-ақ 16 мың жағдай бойынша сот шешімдері қабылданды. Жұмыс нәтижесі келесідей [12]:

Көрсеткіш	2025 ж. мәлімет	Виктимологиялық маңызы
Дағдарыс орталықтарының саны	Қазақстан бойынша 69 орталық жұмыс істейді	Жәбірленушілерге қауіпсіз орта мен әлеуметтік қолдау көрсетуге мүмкіндік береді
Дағдарыс орталықтарына жүгінген әйелдер саны	5,5 мың әйел	Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінің өзекті екенін көрсетеді
Балалары бар аналардың саны	3,7 мың ана	Зорлық-зомбылықтың балаларға да теріс әсер ететінін дәлелдейді
Әйелдер құқығына қарсы қылмыстардың төмендеуі	Соңғы 5 жылда 2 есеге азайған	Алдын алу шараларының тиімділігін көрсетеді
Зорлық-зомбылық қылмыстарының азаюы	37,9%-ға қысқарған	Виктимологиялық профилактиканың оң нәтижесін дәлелдейді
Кісі өлтіру фактілерінің азаюы	49,3%-ға төмендеген	Қауіпті қылмыстардың алдын алу деңгейінің артқанын көрсетеді
Ауыр дене жарақатын салу фактілері	8,7%-ға қысқарған	Қорғау және профилактикалық шаралардың тиімділігін көрсетеді
Ескертпе: Авторлар құрастырған.		

Дегенмен қазіргі таңға дейін бұл өзекті мәселе шешімін тауып келеді, дегенмен статистика тұрғысынан азаймады. Демек, бірқатар қиындықтар әлі де бар, мысалы, қорғау мен қорғану тетіктері туралы хабарлаудың болмауы, әлеуметтік ортада қалыптасып үлгерген стереотиптердің әсері, тиісті заңнамалық құралдардың жеткіліксіздігі және құрбандарды толық қолдау үшін ресурстардың шектеулі болуы. Соңғысы мәселе тудырмауы қажет, қолдау тапқанымен, бұндай орталықтар өте аз және де дамымай жатқанының бір себебі, құпиялылықтың жеткілікті түрде сақталмауы да болуы мүмкін. Бұл мәселелерді шешу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ұйымдардың, білім беру мекемелерінің, тіпті ғылыми-зерттеу институттарының және БАҚ өкілдерінің белсенді қатысуын талап етеді. Сонымен қатар, қылмыстың алдын алу шараларын жүйелі түрде енгізу, қоғамда зорлық-зомбылыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құрбандарға психологиялық, құқықтық және әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін жетілдіру қажеттілігі бар.

Қорыта келе, мынадай профилактикалық тәсілдерді көрсетуге болады, атап айтқанда, Қазақстан Республикасындағы зорлық-зомбылық қылмыстарының виктимологиялық алдын алу жүйесін жетілдіру мақсатында ерте профилактика тетіктерін енгізу маңызды болып табылады. Бұл ретте тұрмыстық қолайсыз отбасыларды, әлеуметтік осал топтарды, бұрын зорлық-зомбылық фактілері тіркелген тұлғаларды және қауіп-қатер деңгейі жоғары азаматтарды уақтылы анықтау арқылы профилактикалық есепке қою ұсынылады. Сонымен қатар, білім беру ұйымдары, әлеуметтік қорғау органдары, денсаулық сақтау мекемелері және құқық қорғау органдары арасында ақпарат алмасудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру қажет. Мұндай тәсіл зорлық-зомбылықтың туындау қаупін ерте кезеңде анықтап, оның алдын алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, цифрлық бақылау және жедел хабарлау жүйелерін дамыту виктимологиялық профилактиканың тиімділігін арттырудың маңызды бағыты болып табылады. Атап айтқанда, зорлық-зомбылық құрбандары үшін шұғыл көмек шақыруға арналған мобильді қосымшалар мен электрондық платформаларды енгізу, онлайн-консультация беру қызметтерін дамыту және тәуекел тобына жататын тұлғаларға қатысты электрондық мониторинг жүйесін қолдану ұсынылады. Бұдан бөлек, қорғау нұсқамаларының орындалуын бақылау үшін электрондық білезік секілді цифрлық құралдарды пайдалану зорлық-зомбылықтың қайталану қаупін төмендетуге ықпал етеді.

Виктимологиялық ағарту бағдарламаларын жүзеге асыру да маңызды профилактикалық бағыттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты білім беру ұйымдарында құқықтық мәдениет пен қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға арналған арнайы оқу бағдарламаларын енгізу, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту және бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру ұсынылады. Әсіресе, кәмелетке толмағандарға, жастарға және әйелдерге арналған профилактикалық тренингтер мен психологиялық семинарларды ұйымдастырудың маңызы зор.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы мүшелері арасында бір адамның екінші адамға дене, психологиялық, экономикалық немесе сексуалдық зиян келтіру мақсатында жасалатын заңға қайшы әрекеттері. Мұндай әрекеттердің ерекшелігі – ол жақын адамдар арасында жүзеге асады және жиі жасырын сипатта болады [13, 128 б.]. Сонымен қатар, жәбірленушілерді психологиялық және әлеуметтік қолдау механизмдерін күшейту қажет. Бұл бағытта дағдарыс орталықтарының қызметін кеңейту, уақытша баспаналардың қолжетімділігін арттыру, тегін психологиялық және құқықтық көмек көрсету жүйесін жетілдіру, сондай-ақ қайта виктимизацияның алдын алуға бағытталған әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларын енгізу ұсынылады. Бұдан бөлек, жәбірленушілердің құқық қорғау органдарына қауіпсіз әрі кедергісіз жүгіну мүмкіндігін қамтамасыз ету және олардың құқықтарының сақталуына кепілдік беру виктимологиялық алдын алудың маңызды элементі болып табылады.

Көптеген азаматтар психологиялық қысым, экономикалық бақылау немесе қорқыту әрекеттерін зорлық-зомбылық ретінде қабылдамайды. Сондықтан: мектептер мен ЖОО-ларда арнайы тренингтер өткізу; әлеуметтік желілерде ақпараттық роликтер тарату; әйелдер мен кәмелетке толмағандарға арналған қауіпсіздік курстарын енгізу маңызды. Виктимологиялық ағарту тұлғаның қауіпті жағдайларды ерте тануына және өзін қорғау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ зерттеулер зорлық-зомбылық қылмыстарының едәуір бөлігі алкогольдік

масаң күйде жасалатынын көрсетеді. Осыған байланысты: мәжбүрлі психокоррекциялық бағдарламаларды енгізу; тәуелділігі бар тұлғаларды тұрақты бақылауға алу; агрессияны басқару курстарын ұйымдастыру қажет. Бұл фактор виктимологиялық профилактикада негізгі криминогендік себептердің бірі ретінде қарастырылады.

Демек, зорлық-зомбылық қылмыстарының құрбаны болудың алдын алу қоғамның барлық салаларының күш-жігерін біріктіру, тиімді профилактикалық және әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу және енгізу, сондай-ақ азаматтардың зорлық-зомбылық құрбандарын қолдау мен қорғауға белсенді қатысуын қамтамасыз ету арқылы ғана мүмкін болады. Мұндай кешенді тәсіл қоғамдағы қауіпсіз ортаны нығайтып, жеке тұлғаның құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етеді. Дегенмен, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес әлі де жалғасуда, мәселе әлі де өзекті, ерекше назар жәбірленушіні немесе жоғарыда анықтағандай құрбанды бірқатар кешенді іс-шаралар көмегімен қалыпты ортаға өз қатарына қосу негізгі міндеттердің бірі болып қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алауханов Е.О. Криминология: жалпы және ерекше бөлімдер: оқулық. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 256 б.
- 2 Маликов Д.Б., Маликова Ш.Б., Избасова А.Б. Некоторые вопросы виктимологической концепции жертвы // Вестник юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби. – 2021. – № 104. – С. 64–69. URL: <https://law-vestnik.buketov.edu.kz/law/article/view/104> (өтініш берілген күн: 23.05.2026)
- 3 Эшкобилов С.А. Виктимология предупреждение преступлений в рамках семейных отношений // Американский журнал политического научного права и криминологии. – 2022. – Т. 4. – № 06. – С. 34–41. URL: <https://theamericanjournals.com/index.php/tajpslc/article/view/3709> (өтініш берілген күн: 23.05.2026)
- 4 Koval M. Practical implementation of victimization crime prevention in the Anglo-American legal family // Bulletin of Lviv Polytechnic National University. Series: Legal Sciences. 2025. Vol. 12. No. 1(45). P. 72–78. DOI: 10.23939/law2025.45.072
- 5 Вишневецкий К., Кубякин Е. Криминологическая модель виктимности социальных групп как элемент системы профилактики преступности // Виктимология. – 2022. – Т. 1. – № 1(1). – С. 32–37. URL: <https://victimolog.ru/index.php/victimo/article/view/437> (өтініш берілген күн: 23.05.2026)
- 6 Чистотина О. Виктимологическая профилактика в системе предупреждения преступлений, совершаемых в отношении несовершеннолетних // Виктимология. – 2022. – Т. 2. – № 4. – С. 55–58. URL: <https://www.victimolog.ru/index.php/victimo/article/view/401> (өтініш берілген күн: 23.05.2026)
- 7 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берілген күн: 23.05.2026)
- 8 Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы. 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 245-VIII. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000245> (өтініш берілген күн: 23.05.2026)
- 9 Dauletova D.D. The role of victimology in crime prevention // Oriental Journal of History, Politics and Law. 2025. Vol. 5. No. 09. P. 17–20. URL: <https://supportscience.uz/index.php/ojhpl/article/view/2655> (accessed: 23.05.2026)
- 10 Ahlin E.M., Antunes M.J.L. Theoretical Approaches in Victimology Research // Victims & Offenders. 2025. Vol. 20. No. 5–6. P. 795–797. URL: <https://www.tandfonline.com/doi/pdf/10.1080/15564886.2025.2518297> (accessed: 23.05.2026)
- 11 Муссаев Д. Виктимологическая профилактика преступлений против жизни и здоровья // Журнал передовых исследований в области права и экономики. – 2018. – Т. 8. – № 5. – С. 1585–1591. URL: <https://journals.aserspublishing.eu/jarle/article/view/1718> (дата обращения: 23.05.2026)
- 12 Қазақстан Республикасы Үкіметі. Жыл қорытындысы: құқық бұзушылыққа қарсы күресті күшейту, әйелдер мен балалар құқығын қорғау, ТЖ алдын алу және жою бойынша кешенді шаралар қабылдау. URL: <https://primeminister.kz/news/reviews/zhyil-korytyndysy-kukyk-buzushylykka-karsy-kurestikushyeytu-ayelder-men-balalar-kukygyyn-korgau-tzh-aldyn-alu-zhane-zhoyu-boyyynsha-keshendi-sharalarkabyldau-29504> (өтініш берілген күн: 23.05.2026)
- 13 Рахметов С.М. Проблемы совершенствования законодательства Республики Казахстан по противодействию семейно-бытовому насилию // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. – 2020. – Т. 5. – № 63. – С. 127–134.

REFERENCES

- 1 Alauhanov E.O. (2008) *Kriminologia: jalpy jāne erekşe bölımder: oqulyq*. Almaty: Zañ ädebieti. 256 p. (In Kazakh)
- 2 Malikov D.B., Malikova Sh.B., Izbasova A.B. (2021) Nekotorye voprosy viktimologicheskoy koncepcii zhertvy // *Vestnik juridicheskogo fakul'teta KazNU im. al'-Farabi*. No. 104. P. 64–69. URL: <https://law-vestnik.buketov.edu.kz/law/article/view/104> (data obrashheniya: 23.05.2026) (In Russian)
- 3 Eshkobilov S.A. (2022) Viktimologiya preduprezhdenie prestuplenij v ramkah semejnyh otnoshenij // *Amerikanskij zhurnal politicheskogo nauchnogo prava i kriminologii*. Vol. 4. No. 06. P. 34–41. URL: <https://theamericanjournals.com/index.php/tajpslc/article/view/3709> (accessed: 23.05.2026) (In Russian)
- 4 Koval M. (2025) Practical implementation of victimization crime prevention in the Anglo-American legal family // *Bulletin of Lviv Polytechnic National University. Series: Legal Sciences*. Vol. 12. No. 1(45). P. 72–78. DOI: 10.23939/law2025.45.072 (In English)
- 5 Vishneveckij K., Kubjakin E. (2022) Kriminologicheskaja model' viktimnosti social'nyh grupp kak jelement sistemy profilaktiki prestupnosti // *Viktimologija*. Vol. 1. No. 1(1). P. 32–37. URL: <https://victimolog.ru/index.php/victimo/article/view/437> (data obrashheniya: 23.05.2026) (In Russian)
- 6 Chistotina O. (2022) Viktimologicheskaja profilaktika v sisteme preduprezhdenija prestuplenij, sovershaemyh v otnoshenii nesovershennoletnih // *Viktimologija*. Vol. 2. No. 4. P. 55–58. URL: <https://www.victimolog.ru/index.php/victimo/article/view/401> (data obrashheniya: 23.05.2026) (In Russian)
- 7 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi. 2014 jylǵy 3 şıldedegı No. 226-V. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (ötınıs berilgen kün: 23.05.2026) (In Kazakh)
- 8 Qazaqstan Respublikasynyñ «Qūqyq būzuşylyq profilaktikasy turaly» Zañy. 2025 jylǵy 30 jeltoqsandaǵy No. 245-VIII. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000245> (ötınıs berilgen kün: 23.05.2026) (In Kazakh)
- 9 Dauletova D.D. (2025) The role of victimology in crime prevention // *Oriental Journal of History, Politics and Law*. Vol. 5. No. 09. P. 17–20. URL: <https://supportscience.uz/index.php/ojhpl/article/view/2655> (accessed: 23.05.2026) (In English)
- 10 Ahlin E.M., Antunes M.J.L. (2025) Theoretical Approaches in Victimology Research // *Victims & Offenders*. Vol. 20. No. 5–6. P. 795–797. URL: <https://www.tandfonline.com/doi/pdf/10.1080/15564886.2025.2518297> (accessed: 23.05.2026) (In English)
- 11 Mussaev D. (2018) Viktimologicheskaja profilaktika prestuplenij protiv zhizni i zdorov'ja // *Zhurnal peredovyh issledovanij v oblasti prava i jekonomiki*. Vol. 8. No. 5. P. 1585–1591. URL: <https://journals.aserspublishing.eu/jarle/article/view/1718> (accessed: 23.05.2026) (In Russian)
- 12 Qazaqstan Respublikasy Ükimeı. Jyl qorytyndysy: qūqyq būzuşylyqqa qarsy kürestı küşeitu, äielder men balalar qūqyǵyn qorǵau, TJ aldın alu jāne joıu boıynşa keşendı şaralar qabyldau. URL: <https://primeminister.kz/news/reviews/zhyl-korytyndysy-kukyk-buzushylykka-karsy-kuresti-kusheytu-ayelder-men-balalar-kukygy-n-korgau-tzh-aldyn-alu-zhane-zhoyu-boynynsha-keshendi-sharalar-kabyldau-29504> (ötınıs berilgen kün: 23.05.2026) (In Kazakh)
- 13 Rahmetov S.M. (2020) Problemy sovershenstvovaniya zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan po protivodejstviju semejno-bytovomu nasiliyu // *Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan*. Vol. 5. No. 63. P. 127–134. (In Russian)

ТУЛЕБАЕВА А.С.,*¹

докторант.

*e-mail: a.tulebayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-7184-2403

ДЖУМАБАЕВА К.А.,¹

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: k.jumabaeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5483-3783

КОШКИНБАЕВА А.С.,²

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: ankin2008@bk.ru

ORCID ID: 0000-0002-9327-9869

КАДИРБАЙ А.А.,¹

м.ю.н., сениор-лектор.

e-mail: a.kadirbay@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-3694-5415

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный аграрный

исследовательский университет,

г. Алматы, Казахстан

ВИКТИМОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ПРОФИЛАКТИКИ НАСИЛЬСТВЕННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ

Аннотация

Данная статья посвящена вопросам виктимологической профилактики насильственных преступлений в Республике Казахстан. В ней рассматривается роль виктимологии в изучении жертв преступлений, их поведения и вероятности совершения преступления. Также анализируются социально-психологические и правовые аспекты виктимологии и исследуются пути повышения эффективности систем защиты жертв. Основная цель работы – анализ вопросов профилактики различных преступлений, таких как домашнее насилие, уличное насилие и издевательства, а также насилие среди молодежи. В исследовании учитывается не только уровень преступности, но и социальная ситуация в обществе, правовая культура граждан, роль семьи и образования, а также уровень правовой грамотности в обществе. В статье одновременно рассматриваются социально-психологические и экономические факторы, повышающие вероятность насилия, и оценивается комплексность и эффективность профилактических мер. Статья основана на анализе деятельности правоохранительных и органов социального обеспечения, механизмов защиты граждан, а также роли общественных организаций и волонтеров. В исследовании представлены практические рекомендации по совершенствованию системы предотвращения насильственных преступлений, а также рекомендации, направленные на повышение правовой грамотности и социальной защиты граждан. В нем также подчеркивается важность создания культуры профилактики посредством скоординированных социальных, образовательных и правоохранительных усилий. Такой подход помогает предотвращать насилие, повышать общественную безопасность и укреплять юридическую ответственность граждан.

Ключевые слова: виктимология, профилактика насилия, правовая грамотность, жертва преступления, виктимизация.

TULEBAYEVA A.S.,*¹

PhD student.

*e-mail: a.tulebayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-7184-2403

JUMABAYEVA K.A.,¹

PhD, associate professor.

e-mail: k.jumabaeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5483-3783

KOSHKINBAYEVA A.S.,²

PhD, associate professor.

e-mail: ankin2008@bk.ru

ORCID ID: 0000-0002-9327-9869

KADIRBAY A.A.,¹

m.l.s., senior lecturer.

e-mail: a.kadirkbay@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-3694-5415

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National Agrarian

Research University,

Almaty, Kazakhstan

VICTIMOLOGICAL PROBLEMS IN VIOLENT CRIMES PREVENTION

Abstract

This article examines the victimological prevention of violent crime in the Republic of Kazakhstan. It examines the role of victimology in studying crime victims, their behavior, and the likelihood of committing a crime. It also analyzes the socio-psychological and legal aspects of victimology and explores ways to improve the effectiveness of victim protection systems. The main objective of this work is to analyze the prevention of various crimes, such as domestic violence, street violence, bullying, and youth violence. The study considers not only the crime rate but also the social situation in society, the legal culture of citizens, the role of family and education, and the level of legal literacy in society. The article simultaneously examines the socio-psychological and economic factors that increase the likelihood of violence and evaluates the comprehensiveness and effectiveness of preventive measures. The article is based on an analysis of the activities of law enforcement and social welfare agencies, citizen protection mechanisms, and the role of public organizations and volunteers. The study presents practical recommendations for improving the system of violent crime prevention, as well as recommendations aimed at increasing legal literacy and social protection for citizens. It also emphasizes the importance of creating a culture of prevention through coordinated social, educational, and law enforcement efforts. This approach helps prevent violence, improve public safety, and strengthen citizens' legal accountability.

Keywords: victimology, violence prevention, legal literacy, crime victim, victimization.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.04.2026